



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ  
БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ  
МИНИСТЕРСТВО ОБРАЗОВАНИЯ И НАУКИ  
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН  
MINISTRY OF EDUCATION AND SCIENCE  
OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN



Л. Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ  
ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ  
ЕВРАЗИЙСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ  
УНИВЕРСИТЕТ ИМ. Л. Н. ГУМИЛЕВА  
GUMILYOV EURASIAN  
NATIONAL UNIVERSITY



Студенттер мен жас ғалымдардың  
«Ғылым және білім - 2015»  
атты X Халықаралық ғылыми конференциясының  
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ

СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ  
X Международной научной конференции  
студентов и молодых ученых  
«Наука и образование - 2015»

PROCEEDINGS  
of the X International Scientific Conference  
for students and young scholars  
«Science and education - 2015»

**УДК 001:37.0**  
**ББК72+74.04**  
**Ғ 96**

Ғ96

«Ғылым және білім – 2015» атты студенттер мен жас ғалымдардың X Халық. ғыл. конф. = X Межд. науч. конф. студентов и молодых ученых «Наука и образование - 2015» = The X International Scientific Conference for students and young scholars «Science and education - 2015». – Астана: <http://www.enu.kz/ru/nauka/nauka-i-obrazovanie-2015/>, 2015. – 7419 стр. қазақша, орысша, ағылшынша.

ISBN 978-9965-31-695-1

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

УДК 001:37.0  
ББК 72+74.04

ISBN 978-9965-31-695-1

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия  
ұлттық университеті, 2015

Бұл ұйымдар ауқымды мәселелерді қарастырады. Өз мүшелерін әлеуметтік сақтандыру, оларға тиісті құқықтар мен жеңілдіктер туралы ақпаратты қамту, егде адамдар демалысын ұйымдастыру және мүдделерін мемлекеттік деңгейде шешу, саяси, әлеуметтік және мәдени акцияларға қатысуға жеңілдік көрсету. «Таймс» газетінің хабарлауынша егде адамдар АҚШ-та санасуға мәжбүр ететін күшке айналуға. Олар түрлі саяси және әлеуметтік мәселелерді шешуге белсене қатысуда. Америка мамандары К.Манич, Э.Пикеортс, Дж. Мачано егде адамдарға арналған бес өзекті бағдарламаны көрсетеді: кәсіби-техникалық оқу. Мұнда машинада жазу, бухгалтерлік іс уақытша еңбек етуде қажет болады. Мәдени қызметте бүкіл өмір мазмұны байытылады. Бұған өнер және көркем қолөнер қызметтері енеді. Соңғы жылдарда жоғарғы оқу орындарында егде адамдардың көптеп талаптануы орын алады. Мұндай егде адамдар зейнеткерлік кезеңде білім алады. Олар мансабын жоғарылатуды мақсат тұтпайды. Олар өз өмірлерін рухани байытқысы келеді, мұның өзі құнды қызмет болып табылады [6].

Елу шылбырдан алды,  
Алпыс тізгіннен алды,  
Жетпіс өре салды,  
Сексен – тұсау салды,  
Тоқсан – толқып қалды.

Бұрынғылар «жас күнімде бейнет бер, қартайғанда зейнет бер» деуші еді. Түлкі бұлаңға тап болған осындай қарттардың қайта мемлекет қамқорлығына алынып жатқанын көргенде шүкіршілік етіп отырғанымыз да шындық.

#### **Қолданылған әдебиет**

1. «Әлеуметтік-экономикалық жаңғырту – Қазақстан дамуының басты векторы» атты ҚР Президенті Н.Ә. Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауы. 27.01.2012. <http://www.akorda.kz>
2. Субетто А.И. Ұлттық өмір сапасы, денсаулығы және мемлекет қауіпсіздігі – тұмыстың негізгі функционалдары және мемлекеттің әлеуметтік-экономикалық саясатының өлшемдері // – М., «Тринитаризм Академиясы», Эл № 77-6567, жарыл.10904, 25.12.2003.
3. Өмір сапасы: мәні, бағалау, қалыптастыру стратегиясы. Кузьмичев Л.А., Федоров М.Ф., Зедесенц Е.Е. редакциясымен шыққан оқу құралы. – М.: ВНИИТЭ.
4. Қазақстандағы халықтың өмір сүру деңгейі (2011 ж. шығарылым) ҚР Статистика агенттігінің статистикалық жинағы.
5. Кон И.С. Возрастные категории в науках о человеке и обществе// Социологические исследования. – 1978. – №6.
6. Дробышева В.В., Герасимов Б.И. Интегральная оценка качества жизни населения региона: монография. – Тамбов «ТГТУ», 2004. – 108 с.

УДК 159.923.35:316.6

### **ӘЛЕУМЕТТІК ЗИЯТКЕРЛІК МӘСЕЛЕСІНІҢ ПСИХОЛОГИЯ ҒЫЛЫМЫНДА ЗЕРТТЕЛУІ**

**Орынбекова Айнұр Саматқызы**

[ainur-samatovna@mail.ru](mailto:ainur-samatovna@mail.ru)

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ «Психология» мамандығының 1-курс магистранты,

Астана, Қазақстан

Ғылыми жетекшісі – А.М.Айтышева

Қазіргі уақытта Ресей және шетел психологтары (М.И.Бобнева, Ю.Н.Емельянов,

В.Н.Куницына, Д.В.Люсин, Д.В.Ушаков, А.Л.Южанинов, Р.Стернберг, Р.Селман т.б.) әлеуметтік зияткерліктің дамуын белсенді қарастыруда. Әлеуметтік зияткерліктің дамуына қатысты жеке сұрақтар «қарым-қатынастық құзыреттілік» (Н.А.Аминов, А.А.Кидрон, Е.В.Коблянская, М.В.Молоканов, Л.А.Петровская, Р.Стернберг), «әлеуметтік құзыреттілік» (А.А.Бодалев, Ю.М.Жуков, О.К.Тихомиров), «әлеуметтік дарындылық» (В.Сиск), «қарым-қатынастық әлеует» (В.В.Рыжков, Г.В.Сорокоумова) түсініктеріне жақын зерттеулерде қарастырылған [1, 2].

Кейбір авторлардың (Д.Китинг, Дж.Гилфорд) пайымдауынша, әлеуметтік зияткерлік – академиялық және формальді зияткерліктің қабілеттеріне қарсы негізгі менталды қабілеттердің өздігінен жұмыс істеу тобы. Р.Селман әлеуметтік зияткерлік дамуының сатыларын қарастыра отырып, баланың зияткерлік дамуында биік сатыларға жету үшін оның дамуында жетістіктердің жоғары деңгейде болуы міндетті болмаса да, қажет деп саналады деген қорытындыға келеді. Автордың айтуынша, іс-қимылы дұрыс емес балалар жалпы зияткерлік тапсырмаларында жоғары жетістікке жеткенімен, әлеуметтік зияткерлік тапсырмаларын орындай алмай жатады.

Көрсетілген авторлардың еңбектерінде әлеуметтік зияткерлік мәселесін коммуникативті құзіреттілік аспектісі ретінде қарастырып, әлеуметтік зияткерлікке қатысты құрылымы мен қызметтерін көрсеткен.

В.Н.Куницына еңбектерінде әлеуметтік зияткерлік мәселесіне қатысты жаңа көзқарастар жетілдірілген. Автор күрделі құбылыстың жеке аспектісі болып табылатын толық талданып жинақталған және әлеуметтік зияткерліктің спецификалық құрылымын жақын түсіне алатын, оның әртүрлі жас кезеңдеріндегі жұмыс істеу ерекшеліктерін сипаттайтын қарым-қатынастық тұлғалық әлеуетті сипаттаған [3].

Психолог ғалымдар А.А.Бодалев, В.Н.Дружинин, Ю.Н.Емельянов, М.М.Кашапов, М.Л.Кубышкина, Н.А.Кудрявцева, В.Н.Куницына, Д.В.Ушаков, А.Л.Южанинов, Дж.Гилфорд, О.Джон, Н.Кэнтон, Г.Оллпорт, Э.Торндайк, Р.Селман, Р.Стернберг еңбектерінде әлеуметтік зияткерліктің дамуы және қалыптасуындағы мәселелер айқын қарастырылып, оның құрылымы, қызметі, кәсіптік шығармашылықтағы рөлі, академиялық зияткерлікпен арақатынасына талдау жасалынған [4].

XX ғасырдың басында психология ғылымында жеке адамдар арасындағы қарым-қатынасты зерттеуде жаңа бағыттар қалыптасты. Жеке адамдар арасындағы қырағылықты белгілеп, адамдар арасындағы қарым-қатынаста ақылмен істеу әрекетін атап өтіп «Әлеуметтік зияткерлік» түсінігін 1920 жылы Э. Торндайк пайдаланды. Торндайк бойынша зияткерліктің үш түрі бар: *абстрактілік зияткерлік* абстрактілі ауызша сөйлеу қабілеті мен математикалық символдарды түсіну қабілеті ретіндегі және олармен қандай да бір әрекет ету; *нақты зияткерлік* заттар мен материалдық әлемдегі бұйымдарды түсіну қабілеті және олармен қандай да бір әрекет ету; *әлеуметтік зияткерлік* адамдарды түсіну қабілеті және олармен әрекеттесу.

Әлеуметтік зияткерліктің басқа да түсініктері пайда болды: басқа адамдармен үйлесім кету қабілеті; қоршаған ортамен істес болу қабілеті; басқа адамдардың сезімін, көңіл-күйін және қылықтарының уәждемелерін дұрыс бағалай білу қабілеті.

Г. Оллпорт (1937) әлеуметтік зияткерлікті адамдар жайында дұрыс пайымдаулар беру, олардың мінез-құлықтарын болжау және жеке тұлға қарым-қатынасындағы үйлесімді бейімдеуді қамтамасыз ету қабілеті ретінде сипаттайды. Ол басқа адамдарды жақсы түсінуді қамтамасыз ететін қасиеттер жиынтығын атап көрсетеді. Бұл қасиеттер құрылымына әлеуметтік зияткерлік жеке қабілет ретінде енгізілген.

Д. Wechsler (1958) әлеуметтік зияткерлікті жеке тұлғаның адамзаттық болмысқа бейімділік ретінде қарастырды.

1960 жылдары әлеуметтік іскерлік, коммуникативті біліктілік жөнінде көптеген жұмыстар пайда бола бастады (М. Аргайл, 1967, 1974). Осы жылдары әлеуметтік естілім мәселелеріне, адамдардың бір-бірін түсінісуіне назар аударыла бастады; әлеуметтік зияткерліктің табиғаты мен құрылымы туралы туындаған тұжырымдамалық түсінік негізінде

оны зерделеудің әдістемелік аппаратын әзірлеу талпыныстары жасалуда.

Дж. Гилфорд және М. Салливен әлеуметтік зияткерлікті зерттеуге тест әзірлеуде, тестілер нақты бір кемшіліктердің болуына қарамастан, құрылған уақыттан бері (1920 жылдар) нақты зерттеулерде кеңінен пайдаланылады.

Жаңа әдістемелік нұсқаулықтар 1980 жылдарға жатады. Д. Китинг моральдық және этикалық ойлауды бағалайтын тест әзірледі. М.Форд және М. Тисак (1983) зияткерлікті өлшеу негізіне мәселелік жағдайларды табысты шешуді міндеттеді. Олар әлеуметтік зияткерлік әлеуметтік ақпаратты өңдеумен байланысты нақты және келісілген ділдік қабілеттер тобының «академиялық» зияткерлік тестілерімен тексерілетін біршама «ресми» ойлау негізінде жатқан қабілеттерден түбегейлі ерекшеленетін қабілеттер тобын көрсете алды [5, 6].

Шетел психологиясында әлеуметтік зияткерліктің басқа да тұжырымдамасы бар. Бұл тұжырымдама алғаш рет 1978 жылы алғаш жарыққа шыққан Н. Кэнтор жарияланымдарында қарастырылады. 1987 жылы аталған автордың «Личность и социальный интеллект» атты жеке кітабы жарыққа шықты.

Н. Кэнтор адамдарға әлеуметтік өмірдің оқиғаларын барынша жеке пайдамен қабылдауға мүмкіндік беретін когнитивті біліктілікті әлеуметтік зияткерлікпен теңестіреді. Ол зияткерлікті когнитивті персоналдық тұрғысынан қарастырады.

Адамның когнитивті негізі ресми түрде айтылған және шұғыл білім ретінде анықталуы мүмкін, онда жеке адам жағдайларға талдау беруде, сондай-ақ күнделікті өмірдегі жайттарға жоспарлар құруда пайдаланады. Еске түсіру мен талдау жасау ережелері жеке адамның когнитивті құрылымын құрайды. Осының барлығы бірлесіп тәжірибе мен әлеуметтік өмірдің мәселелерінде жеке тұлғаның нақты бір тәсілдемесін құрайды. Бұл білімнің репертуарын автор әлеуметтік зияткерлік ретінде белгілейді.

Әлеуметтік зияткерлік сатып алынатын және қырсаулатылатын нақ сол әлеуметтік зияткерлік репертуары оны пайдалану динамикасы мен процесі жеке тұлғаның қоршаған ортаға бейімделуіне мүмкіндік береді. Әлеуметтік зияткерліктің негізгі мазмұнды компоненттері болып тәжірибелік тапсырмаларды шешу қабілеті, ауызша сөйлеу қабілеті мен әлеуметтік біліктілік қабілеттері болып табылады.

Н. Кэнтор үш зерттеу аспектісін бөліп көрсетуге болатындығын атап өтеді.

1. Мәселелерді шешуге қажетті тәжірибе мазмұны мен құрылымы.

2. Жағдай және олардың контекстері

3. Зияткерліктің прагматикалық жақтары (Балтс, 1986) үшінші жақтың орталығында болады. Бұл – күнделікті мәселелер шешімінің нұсқалары.

Жай адамдар әлеуметтік зияткерлік жайлы не ойлайтындығы жөнінде түсінік қалыптастыру үшін Р. Штернберг (1981) «адамдар зияткерлігінің түсінігіне» жүгінді. Ол вокзалдарда, дүкендерде, кітапханаларда сауалнама жүргізу арқылы «зияткер адамның» бейнесін бейнелеп беруді ұсынды.

Штернбергінің зерттеуі әлеуметтік зияткерлік ұғымына төмендегілерді қосуға болатындығын көрсетті:

1. Тәжірибелік сабақтарды шешу қабілеті: адам логикалық ойлайды және дұрыс пікір білдіре алады, мәселенің барлық аспектілерін көре алады, жақсы шешім қабылдай алады, маңызды ақпарат көздеріне зер салады, барлық дәлелдерді тыңдайды.

2. Ауызша сөйлеу қабілеті: анық сөйлеу және айқын артикуляция, оқылғанды жақсы түсінеді, сөздік қоры өте жақсы, жазбаша тілді қиындықсыз түсінетін, адамдармен жақсы қарым-қатынас ұстайтын және т.б.

3. Әлеуметтік біліктілік: басқа адамдардың болмысына қарамай сол қалпында қабылдайды, кездесулерге кешікпейді, әділетті ой-пікірлер айтады, басқа адамдардың мұқтажы мен арманына ілтипатпен көңіл қояды, білімқұмар, өрісті мүдделері бар және т.б.

Штернбург адамдар «академиялық зияткерлікті» суреттеген кезде ақылды адамға берілетін мінез бітістер «күнделікті» зияткерлікті суреттеген кездегі сипаттамадан

ерекшеленетіндігін байқаған.

Әлеуметтік зияткерлік көбінесе ақылмен теңестіріледі. Бұл деректер зияткерліктің әлеуметтік өкілдікті зерделеп жүрген Н.Л. Смирнованың зерттеулерінде де мақұлданды.

Э. Торндайк әлеуметтік зияткерлік жай зияткерліктен жеке қолданылады. Көптеген авторлар (Китинг, 1978; Гилфорд 1967; М. Форд, М. Тисак, 1983) академиялық немесе формалды зияткерлік қабілеттеріне қарама-қарсы әлеуметтік зияткерлікті негізгі ділдік қабілеттердің жеке тобы ретінде анықтайды. Дж. Гилфордтың ойы бойынша әлеуметтік зияткерлік саласы ойды, ықыласты, сезімді, көңіл-күйді, сондай-ақ басқа адамдар мен өзін қабылдау болып табылады. Бұл аспект әлеуметтік естілім (перцептивный) тестілерімен өлшенеді.

Егер, әлеуметтік зияткерлік зияткерліктілік қабілеттің жеке нысаны – жеке болмысы, көрінісі болып табылса онда адамдар әлеуметтік қарама-қарсы және ойлау тобы бойынша ұқсас нәтижелерді көрсетуі тиіс, ал әлеуметтік зияткерлік тестінің көрсеткіші зияткерліктің дәстүрлі әлеуметтік емес өлшемдерінің нәтижелеріне қарағанда әлеуметтік қызмет пен жетілудің нақты болжамын қамтамасыз етуі керек.

Көптеген авторлар жалпы және әлеуметтік зияткерлік бір-бірімен тығыз байланысты деген көзқарас білдіреді. Осы және басқа да әлеуметтік және психологиялық факторлар шығармашылықтағы жетістіктер, бейімделу зияткерлікке ие болуды ғана емес, сонымен қатар ұзақ өмір сүруді қамтамасыз етуге негізделген.

1998 жылы Ресейде американдық профессор У.Шайдың лонгютивті зерттеулерінің қорытындысы жарияланды. Онда адамдарды 35 жыл бойы белгілі интервалмен (1956, 1969, 1970, 1984, 1991) емдеп, зияткерлік деңгейінің төмендеуіне кедергі болатын 7 факторды анықтаған.

Зияткерлік келесі жағдайлардың сақталуында байқалады:

- Созылмалы аурулардың болмауы;
- Жағымды орта (жоғары әлеуметтік-экономикалық статус, жақсы табыс, отбасы бақыты);
- Зияткерлік шығармашылық (мәдени әдеттері мен қызығатын ісі);
- Икемді тұлғалық стиль;
- Когнитивтік статусы жоғары адаммен некеде болу;
- Ақпаратты перцептивті өңдеудің жоғары жылдамдығын анықтау;
- Өз өміріне қанағат тұту.

Осы зерттеулердің негізінде ерте қартаюды қалай айтуға болатын болса, солай осы беталыстарды да жеңіп шығуға ұсыныстар берілді.

Жылдам қартаю төмендегілерге негізделеді («өмірлік жоспарының қысқаруы»):

- Тұлғалық стиль икемділігінің төмендеуі (7 жылға ерте);
- Білім деңгейінің төмен болуы;
- Өмірлік жетістіктеріне қанағаттанбауы.

Сонымен, қарастырылған зерттеулерге сүйене отырып қорытынды жасайтын болсақ, дамыған әлеуметтік зияткерлік қасиетіне ие тұлға кеңейтілген әлеуметтік байланыстарға енген, белсенді де икемді, өз өмірін қанағат тұтатын, қоғамдық жаңа құрылымдар мен өмірлік жағдайларға кіре алатын, өтпелі кезеңнің көптеген дағдарыстарына төтеп бере алатын, соған сәйкес ұзақ та, белсенді өмірдің қоғамдық пайдалы мүмкіндіктеріне ие бола алатын адам болып табылады.

#### **Қолданылған әдебиет**

1. Дубринова И.В. Психическое здоровье детей и подростков в контексте психологической службы. – 4-е изд. – Екатеринбург: Деловая книга, 2000. – 176 с.
2. Слободчиков В.И., Исаев Е.И. Психология развития человека. – М., 2000.
3. Куницына В.Н. Социальная компетентность и социальный интеллект: структура, функции, взаимоотношение // Теоретические и прикладные вопросы психологии. – Вып. 1. – Ч.1 – Спб.: Академия, 1995. – С. 48-61.

4. Бодалев А.А. Личность и общение. Избранные труды. – М. 1983.
5. Абрамова Г.С. Введение в практическую психологию – Брест: Издательство Брестского ГПИ, 1993.
6. Асмолов А.Г. Психология личности. – М.: МГУ, 1990.

УДК 371:376.2

## **ӘЛЕУМЕТТІК ЖҰМЫС ЖӨНІНДЕГІ МАМАНДАРДЫҢ МЕДИЦИНАЛЫҚ- ӘЛЕУМЕТТІК МЕКЕМЕЛЕРДЕ ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУ КОМПЕТЕНЦИЯСЫ**

**Отарова Шолпан Шамшидинқызы**

Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті  
«6М090500 – Әлеуметтік жұмыс» мамандығының 1 курс магистранты,  
Астана, Қазақстан  
Ғылыми жетекші: Есимова Д. Г.

Кәсіби әлеуметтік жұмыс қалыптасуы мен дамуы барысында жаңа салаларда өзіндік орын алатындығын және әлеуметтік жұмыс жөніндегі мамандарды дайындауда нақты қызмет көрсету компетенциясын бекітуді ескеру қажеттігін көрсетті. Әлеуметтік жұмыс халықтың барлық көмекке мұқтаж әлеуметтік топтарын қамтитын болғандықтан, әлеуметтік жұмыскерлердің жұмысы жан-жақты кешенді қызметтер түрлерін қамтиды.

Әлеуметтік жұмыста компетенттілік түсінігінің нақты анықтамасы белгіленбеген. Әлеуметтік жұмыс жөніндегі мамандардың компетенттілігін бірнеше сипатта түсіндіруге болады:

- Әлеуметтік қызмет көрсетуші маманның тұлғаға зерттеу жүргізу дағдыларын меңгере алу қабілеттілігі

- Профессиографиялық ақпарат және еңбек нарығының жағдайында тиімді жұмыс жасау қабілеттілігі

- Әлеуметтік жұмыскерлердің клиенттердің психоэмоционалдық жағдайын қалпына келтіруіне, индивидуалды және топтық консультациялар жүргізуіне, танымдық белсенділікті дамыту бойынша тренингтік жұмыстар өткізуге мүмкіндік беретін арнайы білімдердің жиынтығы.

- Клиенттің қажеттілігі бойынша мәселені түрлі тәсілдермен шешу мүмкіндігі.

Әлеуметтік жұмыс жөніндегі мамандардың нақты қызмет көрсету компетенциясын анықтау үшін әр әлеуметтік саланың ерекшеліктерін қарастыра отырып келіс жасау қажет.

1998 жылы Қазақстан Республикасында әлеуметтік жұмыстың маманы және әлеуметтік жұмыскердің қызметі енгізілген. Ол біліктілік анықтамалығында келесі меңгерушілік қызметтермен белгіленген: мекемелерде, отбасы және жеке тұлға шағын аудандарында әлеуметтік медициналық, заңдық, психолого-педагогикалық, материалды және басқа да көмекке зәру халықты анықтайды. Олардағы туындаған қиыншылықтар мен ушыққан жағдайлардың пайда болу себептерін айқындайды және оларды шешуге және әлеуметтік қорғаныс беруге көмектеседі; халыққа қажетті әлеуметтік экономикалық көмек көрсететін мемлекеттік және қоғамдық мекемелердің ықпалдасуына көмектеседі; отбасылық тәрбиеде, үйде отырған, кәмелетке толмаған балалары бар әйелдерге жұмысқа тұру келісімдерін құруға, инвалидтарға, зейнеткерлерге көмектеседі; отбасы және неке қию сұрақтары бойынша және ашушаң мінезді кәмелетке толмаған балалармен заңды және психолого-педагогикалық консультациялар жүргізеді.

Әлеуметтік үй тұрмысты, материалды, емдік және оқу-тәрбиелік мекемелерге орналасу, қамқорлықты қажет ететін үлкендер мен балаларды анықтап оларға қол үшін тигізеді. Кәмелетке толмаған заң бұзушылардың қоғамдық қорғанысын, кей жағдайда сотта олардың қоғамдық қорғаушысы да болып көмек көрсетеді.

Отбасылық әлеуметтік көмек көрсету орталығын құруға қатысады: асырап алу,